

**Сидней қаласындағы (Австралия) XXVII Олимпиадалық ойындарда қызмет көрсететін Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен бокс бойынша AIBA төрешілері семинарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2000 жылғы 24 мамыр N 82-е

Сидней қаласындағы (Австралия) XXVII Олимпиадалық ойындарда (бұдан әрі - XXVII Олимпиадалық ойындар) қызмет көрсететін Төрешілер комиссиясының мәжілісін және бокс бойынша AIBA төрешілер семинарын Алматы қаласында дайындау және өткізу мақсатында:

1. AIBA Дүниежүзілік әуесқойлық бокс қауымдастырының атқарушы комитетінің XXVII Олимпиадалық ойындарда қызмет көрсететін Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен AIBA төрешілері семинарын 2000 жылғы 17-27 маусымда Алматы қаласында өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. XXVII Олимпиадалық ойындарда қызмет көрсететін Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен бокс бойынша AIBA төрешілерінің семинарын дайындау және өткізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын және оның құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі XXVII Олимпиадалық ойындарда қызмет көрсететін Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен AIBA төрешілерінің семинарын өткізуді қаржыландыру туралы мәселені қарасын және тиісті ұсыныстар енгізсін.

4. Алматы қаласының әкімі белгіленген тәртіппен Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен AIBA төрешілері семинарының жұмысы үшін тиісті жағдайды ұйымдастыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдастын.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен AIBA төрешілерінің семинары өтетін және оған қатысуышылар тұратын жерлерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

белгіленген тәртіппен Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен AIBA төрешілерінің семинарына қатысуышыларды уақытылы жөнелтуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі белгіленген тәртіппен Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен AIBA төрешілері семинары жұмысының бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етілуін қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2000 жылғы 24 мамырдағы  
N 82-ө өкімімен бекітілген

Сидней қаласындағы (Австралия) XXVII Олимпиадалық ойындарда қызмет көрсететін Төрешілер комиссиясының мәжілісі мен бокс бойынша AIBA төрешілері семинарын Алматы қаласында дайындау және өткізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы

Павлов Александр Сергеевич - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, жетекші

Тұрлыханов Дәulet Болатұлы - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы, жетекшінің орынбасары

Ақпаев Аманшы Сейсенұлы - Ұлттық Олимпиадалық комитетінің президенті (келісім бойынша)

Балғымбаев Нұрлан Өтепұлы - Бокс федерациясының президенті (келісім бойынша)

Биманбетов Бақытбек Тәжібайұлы - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары

Махмұтов Бекет Сапабекұлы - AIBA бірінші вице-президенті (келісім бойынша)

Коржова Наталья Артемовна - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Көкбаев Құлақсу Үбәтайұлы - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің олимпиадалық спорт түрлері

бөлімінің бастығы

Қасымбеков Ермек Қасымбекұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрі Кеңесінің аумақтық даму  
және әлеуметтік сала бөлімінің  
консультанты

Храпунов Виктор Вячеславович - Алматы қаласының әкімі

Цхвирашвили Борис Семенович - Бокс федерациясының бас хатшысы  
(келісім бойынша)

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.  
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК